

06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)

Мамандықтың сипаттамасы:

06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығы ақпараттық технологиялар саласында бағдарламалық өнімдерді әзірлеу, енгізу, техникалық қызмет көрсету және қолдау бойынша кәсіби мамандар даярлауға бағытталған. Бұл мамандық бойынша білім алушылар бағдарламалық қамтамасыз етудің әртүрлі түрлерін, бағдарламалау тілдерін, деректер қорын басқару жүйелерін, жүйелік және қолданбалы бағдарламаларды меңгереді.

Мамандықтың негізгі мақсаты – бағдарламалық өнімдерді жобалай, құрастыра және қолдай алатын, ақпараттық жүйелер мен қосымшалардың тиімділігін қамтамасыз ететін кәсіби құзыретті мамандар даярлау.

Оқу бағдарламасы бағдарламалау негіздері, алгоритмдеу, деректер қоры, веб және мобильді қосымшаларды әзірлеу, жүйелік бағдарламалау, ақпараттық қауіпсіздік, бағдарламалық инженерия және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәндерін қамтиды. Теориялық білім өндірістік практикамен және жобалау жұмыстары арқылы бекітіледі.

Түлектің кәсіби қызмет саласы:

- бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және қолдау;
- ақпараттық жүйелерді жобалау және енгізу;
- IT-компаниялар мен бағдарламалық өнімді әзірлеу студиялары;
- ұйымдардағы ақпараттық жүйелерді қолдау және дамыту.

Кәсіби қызмет объектілері:

- бағдарламалық өнімдер мен қосымшалар;
- ақпараттық жүйелер;
- деректер қоры және серверлік жүйелер.

Осы мамандық бойынша колледж түлектері бағдарламашы, бағдарламалық қамтамасыз ету инженері, веб-әзірлеуші, мобильді қосымша әзірлеуші, деректер қоры маманы немесе жүйелік инженер ретінде кәсіби қызмет атқара алады.

4S06130103 – Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы

Біліктілікке сипаттама:

4S06130103 – Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы біліктілігі бағдарламалық өнімдерді әзірлеу, жобалау, тестілеу және енгізу бойынша кәсіби дағдылары бар мамандарды даярлауға бағытталған.

Біліктілік иесі бағдарламалық қамтамасыздандыру жобаларын талдай алады, алгоритмдерді құрастырады, бағдарламалау тілдерін қолдану арқылы жүйелік және қолданбалы бағдарламаларды әзірлейді, тестілеу мен ақауларды түзету жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, ол бағдарламалық өнімнің техникалық құжаттамасын әзірлей алады, пайдаланушыларға қолдау көрсетеді және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындайды.

Оқу бағдарламасы алгоритмдеу, бағдарламалау, жүйелік және қолданбалы бағдарламаларды әзірлеу, деректер қорын басқару, ақпараттық қауіпсіздік,

бағдарламалық инженерия және заманауи IT-технологиялар пәндерін қамтиды.
Теориялық білім практика және жобалау жұмыстары арқылы бекітіледі.